

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Исенова Гүлмаржан Берішбайқызы

тарих пәнінің мұғалімі

С.Мәуленов атындағы гимназия

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Қазақ тарихына қатысты деректер мен тарихи жәдігерлерді жинау мен зерттеу «Мәдени мұра» бағдарламасын қолға алынуы тәуелсіз қазақ тарихын жазудағы тәуелсіз мемлекет жағдайында, тәуелсіз ел тұрғысында ғана мүмкін болып отыр. Оны қазіргі жағдайда жаңаша зерделеу, қазақ тарихына қатысты тарихи құжаттық деректердің қыр-сырын ашу егемен еліміздің ертеңі үшін қажет-ақ. Тарихи тұрғыдан қарағанда, археологиялық қазбалар мәдени мұраның материалдық және рухани құндылықтарын зерттеу, қалпына келтіру және сақтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде «Мәдени мұра» бағдарлама аясында біздің тарихымызды жақсырақ біліп, түсінуге көмектесетін орасан зор материалдар алынып, көптеген жаңа мәліметтер табылды. Барлығы 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыра бастағалы ата-бабаларымыз туралы көп мағлұмат беретін ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 40 археологиялық зерттеу жүргізілді [1].

Шығыс-Қазақстан облысындағы қазақ-фрунцуз экспедициясының археологиялық экспедиция нәтижесі нағыз сенсация болды. Шілікті даласындағы Берел селосы маңындағы қорғаннан әйгілі қазақстандық археолог Зейнолла Самашев бастаған экспедиция еркек пен әйелдің жақсы сақталған моласын тапқан. Жанында – алтын бұйымдармен әшекейленген он үш мініс ат. Берел қорғанындағы аттардың сақталғанына 2500 жыл. Қорғанды салу тәсілі ерекше болғандықтан тек ет қана емес, сәндік-қолданбалы өнер материалдары да таза күйінде сақталған. Скиф-сақ аң стиліндегі ежелгі сәндік өнер мысалдары, сонымен қатар берел патшасының мінген атының парадтық жабдығы реставрация мен қайта құрудан кейін ҚР Президенттік мәдени орталығына орнатылды. Қарапайым халық арасында ақ алтын деп аталатын алтын әшекейлерді дайындау технологиясын білген сақ периодындағы шеберлер құпиясы әлі күнге дейін ашылмаған. Қазіргі кезде оған электролиз технологиясы қолданылады.

Қазақстан мен оның астанасы Астана үшін Бозоқ қалашығының орны ерекше [2]. Ортағасырлық Бозоқ қалашығындағы қазбалар Астанан қаласының мыңнан астам жылдан бері тұрғанын дәлелдейді. Сол кезеңде қазіргі Астана орнында әскери орданың пайда болуы геостратегиялық факторлармен түсіндіріледі – Жібек жолы керуен жолдарын бақылау мүмкіндігі. Бозоқ қалашығы территориясындағы кесенелердің үлкен концентрациясы Нұра-Ешім аймағының ортағасырлық рухани Меккесі болғанын білдіреді. Мемлекеттік бағдарлама аясында XI ғ. басы – XIII ғ. арасында Қарлұқ-Жабғу астанасы ретінде мәлім ортағасырлық Қойлық, Отырар қалашығы, ортағасырлық Жанкент қалашығы – «оғыз патшасы» резиденциясы, Ақыртас кешені – ерте ортағасырлық Қаған орталығы сияқты бірегей археологиялық ескерткіштерге қазба жүргізілді [2]. 30 мемлекеттік мағынасы бар қазбалар анықталып есепке алынды [1].

Ескерткіштерді анықтап және оларды зерттеп, сараптамадан өткізу ісімен тек кәсіби археологтар, біліктілігі жоғары және мол тәжірибе жинақтаған, кәсіби тағылымы зор еңбек өтілі бар мамандар ғана айналысуы тиіс. Олардың жұмысы артефактардың мәдени терең қабаттарын табумен шектелмейді, ең бастысы, мәдени мұра объектілері ретінде ескерткіштерді сақтау мен дұрыс пайдалану болып табылады. Бүгінгі таңда зерттеуші-археологтар Отырар, Қойлық, Талғар, Ақыртас қалашықтарында, Беғазы, Есік, Берел қорымдарында іздестіру және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде [1]. Олар ескерткіштердің сақталуы мен «өмір сүруін» ұзарту, мұражайландыру,

яғни мұражайлық және күзетілетін нысанға айналдыру (Әзірет Сұлтан, Есік, Берел, Мерке-Жайсаң, Тамғалы петроглифтері тарихи-мәдени қорықтары) мәселелерімен айналысуда; тарих және мәдениеттің ғажайып ескерткіштерін (Бесшатыр, Есік, Берел, Боралдай мен Шілікті қорғандарын және еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан көптеген тау-тасқа салынған суреттерді) қирап жойылудан құтқарады, Майбұлақ тұрағы мен Сарайшық қалашығының сақталуы жолында еңбек етуде. Осы тұста атап айтар болсақ, ортағасырлық кезеңде үлкен әкімшілік округтің орталығы болған, аумағы Шаштан Қашғарға дейін созылып жатқан Испиджабтың археологиялық ескерткіштерін зерттеуде археологтардың қосқан үлесі зор [1].

Мамандардың айтуынша, бір алаңдатарлық жәйт, бүгінде көптеген адамдар археологиямен айналысуға әуестеніп жүр. Мәселен, қажетті біліктілігі жоқ түрлі мамандықтың өкілдері, мұражай қызметкерлері, университет ұстаздары және кәсіби археологиялық қызметке тікелей қатысы жоқ адамдар археологиялық іздеу жұмыстарымен айналысады. Олардың көпшілігі археологиялық зерттеудің әдістемесінен бейхабар, соның нәтижесінде археологиялық объектіні далалық зерттеу процесінде ескерткіштің мәдени қабаттарының қирауы, оның құрылымдық біртұтастығының бұзылуы жиі орын алып жатады, сондай-ақ және басқа да маңызды бөліктері жойылып кетеді. Бұл жерде құрылыстар жүргізу, жолдар салу жұмыстары барысында ескерткіштердің бульдозерлермен қиратылуы, бүтіндей тарихи археологиялық құндылықтардың қабаттары жойылып кетіп жатқаны бар. Ондай еленбей жатқан ескерткіштердің ежелгі және ортағасырлық тарихты зерттеуде маңыздылығы өте зор екеніне ешкім де терең мән беріп жатпайтыны қынжылтады [3]. Сонымен қатар, республикамыздың кейбір аймақтарында тұрғындар архитектуралық ескерткішті ата-бабалары өздерінің арғы тегіндегі есімі белгілі тұлғаның құрметіне салған кесене деп есептеп, өздігінен «реставрация» жасауға тырысатыны туралы көптеген деректер бар. Бұл «жаңа бастама» сәулетшілердің біртумаларынан да қымбатқа түседі, өйткені, тарихи дүниенің сырын білмейтін олақ «реставраторлардың» жұмысынан кейін ескерткіштер тез бұзылып жатады.

Археологиялық зерттеу – құзыреттілік пен біліктіліктің жоғары деңгейлігін талап ететін ғылыми сала. Осыны ескере отырып, екі мәселеге ерекше көңіл аудару қажет деп санаймыз.

Бірінші – ескерткіштерді қорғау жөніндегі жергілікті «орталықтар» жұмыстарының деңгейі мен сапасы. Облыстағы Археологиялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын мекемелер өз қызметі барысында археолог мамандармен тығыз байланыста жұмыс жасай отырып, біздің баға жетпес тарихи қазыналарымызды қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

Екінші мәселе – жергілікті жерлердегі (облыс, аудан) тарихи-мәдени мұраларды зерделеу және сақтау мәселесі тыңғылықты түрде қолға алынса.

Ұлттық тарихтың маңызды тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту бүгінгі күн талабы.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жылдарында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды [4]. Бұл басылымдардың әрқайсысы – ғалымдар, жазушылар, аудармашылар, архивистер, кітапханашылардың бірлескен еңбек нәтижесі. Ұлттық тарих ескерткіштерін қайта жаңғырту ұлттық мәдениет үшін айрықша мәні бар мынадай ескерткіштерді: Абат-Байтақ, Айша-Бибі кесенелеріне, Қараман-Ата, Шопан-Ата сағаналарына, Ақыртас және Баба-Ата сарай кешендеріне кешенді ғылыми-мәдениеттану зерттеулерін ұйымдастыру, оларды қалпына келтіру, тұмшалау, жанарту және абаттандыру, сондай-ақ тарихи және этномәдени ортаны өркендету мен дамыту, Қойлық, Есік, Сарайшық, Берел және басқа да ежелгі, орта ғасырдағы кенттерге, қорғандар мен қоныстарға археологиялық зерттеулерді жүргізу «Мәдени мұра» бағдарла-

масы арқылы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті ескерткіштері жинағын баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмыс жүзеге асырылды [1].

Мамандардың айтуынша, Республика мұражайларының қорында сақталған тарих пен мәдениеттің жылжымалы ескерткіштері тұрақты түрде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Осыны негізге ала отырып, ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар мұражай қорларын қалпына келтіру мен түзу жөнінде орталықты құру мүмкіндігін қарау қажет.

Еліміздің мәдени мұрасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасы. Ежелгі тарихтың негіздерін бүгінгі күнмен қосатын жолды құрап, уақыттың үзіліссіз байланысын көрсететін қазіргі дау-дамайдағы адамзатқа қажетті көп қырлы қоғамның тарихи тәжірибесін зерттейді.

Тарихи-мәдени мұрамен хабардар етіп, тек тарихты ғана емес, сонымен қатар болашақта болатын жағдайды баяндайды. Сондықтан да, Елбасымыз 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына Жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі. Сонымен бірге, әлемге ұлттық рухани ескерткіштер байлығын паш етілді. Бағдарламаны қабылдағаннан кейін 2004 жылы 51 тарихи және мәдени ескерткіштің реставрациялық жұмысы аяқталып, 39 қалашық пен қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді. 218 нысанды қамтыған Қазақстанның тарихи-мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі дайындалды. Ұлттық мәдениет үшін аса маңызды 30 сәулеттік және археологиялық қосымша ғылыми зерттеулер жүргізілді [1].

Ұлттық мәдени мұраны толық зерттеу жүйесінің құрылуы бағдарламаны құруда аса маңызды болмақ. Республика тәуелсіздік алғаннан кейін толық гуманитарлық білім беру қорын құру мақсатында мемлекеттік тілде алғашқы қадамдар жасалды. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей және Өзбекстан, Армения, Құрама Штаттар және Батыс Еуропа елдеріне ғылыми зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Олардың қорытындысы бойынша ғылыми топтарда бұдан бұрын белгілі Қазақстанның сәулеті, этнографиясы, тарихы бойынша шамамен бес мың жазба және баспалар алынды. 350-ден астам кітап, олардың ішінде этнография, археология, тарих бойынша сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер шығарылды [3].

Бағдарламаның жүзеге асуын мәдениет, әдебиет, философия, тарих, этнография, және тіл білімі т.б., бойынша академиялық институттар құрылуынан, бағдарламаның тиімді жоспарларының орындалуынан көреміз. Ұлттық кітапхана елдің жоғары оқу орындарының бірі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын мемлекеттің мәдениетіне қолдау көрсететін стратегиялық ұлттық жоба [5] деп атаған болатын.

Қорыта келе «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы халықтың гуманистикалық курсы және потенциалын көрсетіп, оның тарихи тәжірибесін байытып, болашақтың сенімді тірегі болмақ. Қазақстан тарихында гуманитарлық акция ретінде жүргізілген «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ тарихының әрі қарыштап дами беруіне жол ашты.

«Мәдени мұра» бағдарламасының аясында алыс жақын шетелдердегі мұрағаттар қорындағы тарихи деректеріміз халық игілігіне айнала бастады. Осындай игі істердің нәтижесінде қазақ тарихы тәуелсіз елдің тарихы тұрғысынан қайта жазылды. **Ұлттық тарихи мұраларды халықаралық деңгейде насихаттауға, тарихи-мәдени мұраларды кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік туды.**

Әдебиеттер тізімі

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғары оқу орнының студенттеріне арналған оқу құралы. ҚРБЖҒМ, Өл-Фараби атындағы ҚҰУ. Ө.Х. Марғұлан атындағы археология институты. – Алматы қазақ университеті, 2011 – 354 б.
2. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. – 304 б.
3. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламаның қорытындылары. <http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/program-results-madenimura/>.
4. Дерек көзі: kitapkhana@nabr.kz.
5. Назарбаев Нұрсұлтан «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. 2004. 29 қараша.
6. Бердібай Р. Ұлттық рух тақыры тарихта. // Жалын, 2004. № 2, 25–27 бб.
7. Зарубежная архивная казахстаника. Информационно – аналитический обзор. – Астана, 2006. – 210 с.

ӨЛКЕТАНУ НЕГІЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

Қасаболат А. Ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі жер шарында әртүрлі саяси өзгерістермен қоса экологиялық дағдарыстар да ғаламдық мәселеге айналып отыр. Оған себеп ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы негізіндегі адам баласының табиғат заңдылықтарына бағынбауы, оны дұрыс сақтамауы болып отыр. Атап айтқанда соңғы жылдары біздің республикамыздың табиғаты бұрын-соңды болмаған өзгерістерге ұшырауда. Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері: аймақтың техногенді шөлейттенуі, топырақтың эрозияға ұшырауы, су ресурстарының тартылуы, атмосфераның ластануы, ормандардың сиреуі, тіршілікке қауіп тудыратын өнеркәсіптердің көбеюі, улы қалдықтардың қоршаған ортаға жинақталуы. Табиғат – Анамен жылдар бойы қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуы ХІІ ғасырда бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Ғаламат жаңалықтармен бірге өндірістің жедел дамуы, зауыттардың еселеніп салынуы, топырақтың құнарсыздануы, тың игеру, қазақ жеріндегі ядролық сынақ алаңдары күнделікті тіршілікке араласып, жетістігімен қатар апатын да ала келді. Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайы ғаламдық шеңберде проблема тудыратын мәселеге айналып отыр. Кеңес дәуірінде ірі өндіріс орындарының қарқынды дамуына байланысты табиғат байлығын игеру мәселесінде қоршаған ортаның ескерілмей, көптеген зиян әкелгенін енді ғана біліп отырмыз. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан-2050» даму стратегиясына және үкімет қаулысына сәйкес Білім және ғылым министрлігі балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейін экологиялық білім мен тәрбие берудің концептуалды бағытын айқындап берді. Онда: тәрбие процесін Қазақстандық патриотизм, азаматтық интернационализм, гуманизм идеяларына негіздеу және оқушылардың жеке бастарының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағыттап, олардың қоғамдық бірлестігін дамыту мақсаты көзделген. Қазақстан Республикасының Конституциясында (30.08.1995ж. 6-бап) табиғат қорғау мәселесі өз дәрежесінде қаралып, жер және оның қойнауы, ауа, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болып, адам өміріне, оның денсаулығына қолайлы жағдай жасалатындығы; сонымен бірге Қазақстан азаматтарына табиғатты аялау, сақтау, оның бар байлығын ысырапсыз пайдалану міндеттілігі жүктелді. Шілденің 15 күні, 1997 жылы қабылданған «Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау» заңының арнайы 73 және 74 баптарында жарқын болашақ